



ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ

№ 1035 ЕҚЫҰ ТҰРАҚТЫ КЕҢЕСІ

Вена, 22 қаңтар 2015 ж.

ЕҚЫҰ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ПІКІР БІЛДІРУ БОСТАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ ЕО МӘЛІМДЕМЕСІ

7 қаңтарда «Charlie Hebdo» француз журналының редакциясына жасалған қатыгез шабуыл пікір білдіру бостандығы мен БАҚ бостандығының өзекті маңыздылығына жаппай назар аудартты. Барлық мүше-мемлекеттер жариялағандай – еркін, тәуелсіз және плюралистік БАҚ еркін және ашық қоғамның және үкіметтің жауапты жүйесінің аса маңызды шарты болып табылады. Өткен аптада Тұрақты Кеңесте 57 мүше-мемлекет қабылдаған Декларация аталған халықаралық-танымал адам құқықтарының маңыздылығына тағы да көңіл аударады. Бұл шабуыл біздің ортақ құндылықтарымызды шайқалтуға ұмтылыс болып, Еуропалық Одақ оларды батыл қорғауға ниетті. Осы жантүршігерлік оқиғалар құрбандарына құрмет білдіру белгісі ретінде, кейбір адамдармен білдірілген көзқарастар арандатушылық және толқу туғызатындай дәрежеде қабылданатынына қарамастан біз пікір білдіру бостандығын қорғауға бағытталған жігерімізді екі есе арттырамыз.

Бұл мәнмәтінде кейбір қатысушы мемлекеттердің осы қатыгездікке орай әрекеті алаңдатушылық туғызады. Ресейде «Роскомнадзор» Байланыс, ақпараттық технологиялар мен жаппай коммуникацияларды бақылау жөніндегі Ресей Федералдық қызметінің ресейлік БАҚ-на діни карикатураларды жариялауға қарсы ескертуі БАҚ бостандығына бұдан әрі қауіп төндіретін қатал әрекет болып табылады.

Дәл осы уақытта Түркияда «Cumhuriyet» күн сайынғы басылымның екі тілшісі «Charlie Hebdo» карикатураларын жариялағаны үшін тергелуде. Біз Түркия басшылығын БАҚ қызметкерлері өз жұмысын еркін және қуғындаудан қорықпай орындай алатындай, қауіпсіз және ынталандырушы ортамен қамтамасыз етуге тағы да шақырамыз.

Бұдан басқа, соңғы апталар барысында Еуропалық Одақты алаңдатқан тағы бірнеше оқиға орын алған болатын. 26 желтоқсан күні Әзербайжанда

қалған тәуелсіз хабар таратушылардың бірі «Азадлик» Радиосына қарсы өткен рейд және кейін оның жабылуы БАҚ бостандығы мен пікір білдіру бостандығына қысым көрсетудің тағы бір мысалы болып табылады. Біз желтоқсанның аяғында Президент Алиев жариялаған бірқатар тілшілерді қамаудан босатуды қолдай келе, біздің алаңдатушылығымызды одан кеңірек жаппай үдеріс туғызады және Хадиджа Исмаилова жағдайын қоса алғанда, бұрын көтерген барлық мәселелерді еске түсіреміз.

Алматы қ. Медеу аудандық сотының «Адам Бол» журналын жабу жөніндегі 24 желтоқсандағы шешімі – біздің алаңдатушылығымызды туғызатын істердің бірі және ол Қазақстанда тәуелсіз басылымдарды жабудың теріс үдерісін көрсетеді. Тілшілерге толқытатын тақырыптар туралы хабарлауға мүмкіндік беретін еркін ақпарат ағыны Қазақстанның тең құқылы, өркендеген қоғам құруға бағытталған талпыныстарын қолдайды. Еуропалық Одақ 24 желтоқсанда сот отырысындағы рәсімдік бұзушылықтар жөніндегі хабарламаларды және журналдың жабылуы туралы шешім шығарылған отырыста тілшілердің болмауы оқиғасын ескеруде. Біз бұл істі қадағалауды жалғастырамыз.

Беларусьте, БАҚ туралы заңға енгізілген жаңа түзетулер, сондай-ақ жуырда бірнеше жаңалық порталдарын тосқауылдау онлайн порталдарын қоса алғанда БАҚ бостандығы мен пікір білдіру бостандығына төнген үлкен қауіп болып табылады. Сондай-ақ, осы құқықтарды толық іске асыру жуырда қараша айында өтетін президенттік сайлау тұрғысынан да маңызды.

Бұрынғы Югослав Республикасы Македонияда БАҚ бостандығына қатысты кең алаңдаушылық мәнмәтінінде Еуропалық Одақ Томислав Кезаровскидің сот ісін мұқият қадағалауда.

Және сайып келгенде, біз желтоқсанда қабылданған интернет туралы жаңа заңда белгіленген Түркіменстандағы интернетке кеңірек қолжетімділікті қамтамасыз ету жолын қуаттаймыз. Сонымен қатар, біз билікті БАҚ бостандығы мәселелері жөніндегі ЕҚЫҰ өкілі бұл заңда пікір білдіру бостандығына нұқсан келтіретін шектеу ережелері бар жөнінде білдірген алаңдаушылығына назар аударуға шақырамыз.

ЕО сөз бостандығы жөніндегі өкілге осы және басқа мәселелермен үнемі жұмыс істегені үшін алғысын білдіреді. Осы мәлемдемеде біз өтініш жасаған әріптестерді пікір білдіру бостандығы мәселелері бойынша біздің бірлескен халықаралық міндеттемелеріміз бен ЕҚЫҰ міндеттемелерінің толық сәйкестігін және іске асырылуын қамтамасыз ету үшін онымен толыққанды әрекеттесуге шақырамыз. Біз Базельде көрсетілгендей қатысушы елдер тарапынан пікір білдіру бостандығы жөніндегі шешімді кең қолдауын құптаймыз және төраға-мемлекет Сербияны осы жылы бұл мәселемен жұмысты жалғастыруға үндейміз.

Кандидат-елдер ЧЕРНОГОРИЯ *, ИСЛАНДИЯ+ және Тұрақтандыру мен ассоциация үдерісіндегі ел АЛБАНИЯ және Әлеуетті кандидат БОСНИЯ мен ГЕРЦЕГОВИНА, және Еуропалық экономикалық кеңістігі мен ЕАСТ мүшесі НОРВЕГИЯ осы мәлімдемені қолдайды.

* Бұрынғы Югослав Республикасы Македония, Черногория, Сербия мен Албания Тұрақтандыру мен ассоциация үдерісінің мүшесі болуын жалғастыруда.

+ Исландия ЕАСТ пен Еуропалық экономикалық кеңістіктегі мүшелігін жалғастыруда.

